

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

10.03.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, АК мүшесі, академиялық персонал – У.Раметова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі –М. Жанзакова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Ж. Бердибай, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева

Күн тәртібі:

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету.
2. Бағдарламалық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті нәтижелерін талқылау.
3. Жаңартылған, жаңа әзірленген Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ паспортын ББ тізілімдемесіне ұсыну.

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету.

АК төрағасы С.Бейсембаева:

Қазіргі таңда ББ тізілімдемесінде магистратура деңгейіндегі үш БББ-сы, бакалавриат деңгейіндегі екі БББ-сы тіркелген. Магистратура деңгейіндегі БББ-ры қабылданған. Бакалавриат деңгейіндегі 6B01717 – Орыс тілі мен әдебиеті, 6B01764 – Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті сарапшыда тұр. Магистратура деңгейіндегі 7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті, 7M01737 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламалары талапқа сай рәсімделіп бекітілді. Сыртқы эксперттердің сараптамалық тұжырымдамалары алынды.

2. Бағдарламалық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті нәтижелерін талқылау.

АК төрағасы С. Бейсембаева: Барлықтарыңызға белгілі 01-03.03.2023ж. аралығында университетіміз институционалды аккредиттеуден өтті. IAAR агенттігінің сыртқы эксперттері өздерінің ескерту мен ұсыныстарын белгіліеп берді. Берілген ұсыныстардың ішінде Академиялық комитеттің жауапкершілігіндегі «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту», «Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарттары бойынша да бірқатар ұсыныстар берілген.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту стандарты бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Бірлескен білім беру бағдарламаларының, екі дипломдық бағдарламалардың мазмұнын үйлестіру және санын ұлғайту мақсатында қазақстандық және шетелдік жоғары

білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту үшін университеттің қолданыстағы уағдаластықтары мен мүмкіндіктерін пайдалану.

2. Білім беру қатынастарының негізгі қатысушыларымен бірлесіп түлектің заманауи моделін әзірлеу және Сенат пен сыртқы академиялық қоғамдастықтың бекітуіне ұсыну.

3. Түлектермен және негізгі жұмыс берушілермен, өңірлік және республикалық білім департаменттерінің өкілдерімен кездесу циклін өткізу және іске асырылатын білім беру бағдарламаларының мазмұнын олардың сұраныстарына және білікті мамандарды кәсіптік даярлау жүйесіндегі жаңа трендтерге сәйкес жаңарту.

Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау стандарты бойынша келесі ұсыныстар берілді:

1. Университеттің ресми сайтында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының мазмұны мен сапасына қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы барлық мүдделі тұлғаларды жедел хабардар етуге арналған арнайы бөлімді (мүмкін оқу құрылымдық бөлімшелері бойынша, не даярлау бағыттары бойынша жекелеген беттерді немесе ресми сайттың басты бетіндегі бөлімді-ХҚТУ-ның қалауы бойынша) көздеу, сондай-ақ іске асырылатын білім беру бағдарламаларының мазмұны мен сапасына қатысты жұмыс берушілермен және түлектермен жедел байланыс арналарын қарастыру.

Осыған байланысты пікірлеріңізді білдірсеңіздер.

АК мүшесі, ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай: Серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламалары мен қосдипломдық білім – біздің болашақ. Бірлескен білім беру бағдарламасы - бұл екі (немесе одан да көп) серіктес ЖОО (қазақстандық немесе қазақстандық және шетелдік) әзірлеген және іске асыратын, бағдарламаны сәтті меңгерген түлектерге жоғары білім туралы тиісті құжаттарды (дипломдар, сертификаттар) бере отырып, екі (немесе одан да көп) ЖОО-ның бірлескен (қос немесе одан да көп) дәрежелерін (біліктіліктерін) беруді көздейтін білім беру бағдарламасы). Бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша оқыту кезінде әртүрлі оқыту технологияларын, соның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалануға болады. Біз міндетті түрде қазақстандық және шетелдік жоғары білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту үшін университеттің қолданыстағы уағдаластықтары мен мүмкіндіктерін пайдаланып бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуіміз керек.

АК мүшесі, PhD М.Е.Сейтова: Екінші және үшінші ұсынысы бойынша айтатын болсақ, ол бізге қатысты емес сияқты. Себебі, білім беру қатынастарының негізгі қатысушыларымен бірлесіп түлектің заманауи моделін әзірлеп қойғанбыз. Ол БББ-ры қазіргі таңда БББ тізілімдемесіне тіркеліп эксперттің қарастыруында. Өкінішке орай жаңартылған БББ-рың IAAR агенттігінің сыртқы эксперттері көрген жоқ. Себебі, олар бекітілген алдыңғы жылдардың БББ-ын талдауға алған.

3. Жаңартылған, жаңа әзірленген Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ паспортын ББ тізілімдемесіне ұсыну.


АК төрағасы С.Бейсембаева: Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша академиялық комитетіне қарасты үш білім бағдарламасы бар: 7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті, 7M01737 – Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01708 – Шетел тілі: екі шетел тілі. Үш БББ-дың паспорты БББ тізілімдемесіне тіркеліп, қабылданды.

Шешім:

1. Бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қолға алу. 2023-2024 оқу жылында үш бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:



С. Бейсембаева

У. Раметова